



# БІЛІМ КІЛТІ - КЛЮЧ ЗНАНИЙ

№ 11 (197), 2024

Қараша  
Ноябрь

**2011 жылдан бастап ай сайын шығады — С 2011 года выходит ежемесячно**

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.  
Журнал издается с января-февраля 2006 года на казахском и русском языках

**(Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал  
Республиканский научно-методический педагогический журнал)**

## МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

|                                                                                                                |    |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| <b>Ж. Сардарова</b>                                                                                            |    |
| Енесін дәріптеген келін.....                                                                                   | 3  |
| <b>Ж. Акимбаева</b>                                                                                            |    |
| Тарих пәнін оқытудағы тиімді әдіс-тәсілдер.....                                                                | 7  |
| <b>Л. Жексембаева, А. Алпысбаева</b>                                                                           |    |
| Тәрбие жұмыстары – жас ұрпақтың үйлесімді дамуының негізі .....                                                | 10 |
| <b>Н. Игиликова</b>                                                                                            |    |
| Ағылшын тілін үйрену – заман талабы.....                                                                       | 13 |
| <b>А. Кабдуллина</b>                                                                                           |    |
| Интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы оқушының білімге қызығушылығын арттыру .....                      | 15 |
| <b>А. Мамытова</b>                                                                                             |    |
| Оқушылардың тіл байлығын дамытуда сыни тұрғыдан ойлау әдістерінің тиімділігі .....                             | 19 |
| <b>А. Шарбекова</b>                                                                                            |    |
| «AIR дара бала» мерекесі.....                                                                                  | 22 |
| <b>Ж. Архипова</b>                                                                                             |    |
| Развитие функциональной грамотности на уроках русского языка и литературы через дифференцированный подход..... | 24 |
| <b>Н. Астафьева</b>                                                                                            |    |
| Дидактические игры и искусственный интеллект в начальных классах.....                                          | 27 |
| <b>К. Малдыбаева</b>                                                                                           |    |
| Прием «тонкие и толстые вопросы» как способ развития разговорной речи.....                                     | 30 |
| <b>Е. Архипов</b>                                                                                              |    |
| Развитие межпредметных связей на уроках НВТП.....                                                              | 33 |
| <b>А. Шарапиева</b>                                                                                            |    |
| Искусственный интеллект и функциональная грамотность в начальных классах.....                                  | 36 |
| <b>Ю. Шахмуратова</b>                                                                                          |    |
| Развитие функциональной грамотности на уроках математики.....                                                  | 37 |
| <b>С. Алиева</b>                                                                                               |    |
| Семейные ценности. Правописание приставок пре-, при- .....                                                     | 41 |

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**  
«Педагог LTD» ЖШС

Редактор:  
**Гүлжанат ҚҰСТАНОВА**

**БІЛІМ КІЛТІ -  
КЛЮЧ ЗНАНИЙ**  
журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінде қайта тіркеліп, №10965-Ж куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды  
02.12.2024 ж.  
Сандық басылым.  
Тапсырысы: 322.  
Басылым индексі: 75488

**Редакцияның мекен-жайы:**  
050036, Алматы қаласы,  
Мамыр-2 ы/а, 13-7.  
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.  
Ұялы тел:  
8 777 303 37 67.  
Эл. пошта:  
[pedagog-ltd@mail.ru](mailto:pedagog-ltd@mail.ru)

Журнал «Rado Print»  
баспаханасында басылды.  
Алматы қ., Мыңбаев көш., 46,  
кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:  
**Нұрзат Раймқұлова**

## Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

**Н. Омашев** — ҚР Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

**С. Аманжолов** — педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі.

**А. Миразова** — ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек ері.

### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде сақтаңыз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс арқылы, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

### ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

#### Учредитель:

ТОО «Педагог LTD»

Главный редактор: Г. КУСТАНОВА  
Журнал перерегистрирован в Министерстве связи и информации РК. Свидетельство №10965-Ж от 20.05.2010 г. Астана.

Подписано в печать 02.12.2024 г.

Печать цифровая.

Заказ 322.

Подписной индекс: 75488

Адрес редакции:

050036, г. Алматы,

Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;

Моб.т.: 8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал напечатан в типографии

«Rado Print».


Адрес: г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.







## Енесін дәріптеген келін

Алдабергенова Жаннат 1998 жылдан бері Ақтау қалалық «№14 жалпы білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бастауыш сынып мұғалімі болып қызмет атқарады. Жас ұрпаққа терең тәлім-тәрбие беріп, егемен еліміздің ертеңін ізгілендіруге аянбай еңбек етіп жүрген, жауапкершілігі мол, өз ісіне тиянақты, мектепішілік, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысатын жоғары санатты ұстаз. Қандай қиын жұмыстар болса, соның бел ортасында жүріп, өзіне тапсырылған міндетті абыроймен атқарады. Көп ізденеді, қолынан келген көмегін әріптестерінен, жолдастарынан аямайтын адамгершілігі мол, жаны жайсаң жан. Алдабергенова Жаннат бірнеше рет қалалық, облыстық, республикалық семинарларға, байқауларға қатысып, өзінің шығармашылық деңгейін үнемі көтеріп отырады.

«Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медалі, Ақтау қалалық білім бөлімінің «Құрмет» грамотасы, Маңғыстау облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін Алғыс грамотасымен марапатталған.



**Жаннат  
Ысмағұлқызы САР-  
ДАРОВА, педагогика ғылымдарының докторы,  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессоры.  
Алматы қ.**

Өз басым жастықпен «Жақсы келін енесінің топырағынан жаратылады» дегенді жиі естігенмен, оның ішкі мәніне көп үңіле бермейтінмін. Өзімнің шәкіртім, *Жанат Алдабергенқызын* 30 жылдан кейін кездестіріп, пікір алысқан кезде дана халқым бекер айтпайтындығына куә болдым. Өйткені Жаннат екі сөзінің бірінде өзінің анасынан да жақын болып, жақсы көрген енесін



марқұм Шарай Батырбаеваны мақтаныш етіп отыратындығын байқадым. Бұл ене мен келін арасындағы өзара



үйлесімділік, жарасымдылық, сыйластық кез келген адамның уысына түсе бермейтін бақыт екендігін дәлелдей түсті. Айтқан әңгімесін өз басым әркез сүйсіне де қызыға тыңдап, келген жеріне адал келінге бас иіп, тәнті боламын.

Ұстаз ретінде ерекше атап өтетінім — бұл Жанаттың ұстазға, үлкенге деген құрметі. Бұрынғы Гурьев педагогикалық институтында оқытушы болып жұмыс істеген кездері алдымыздан бірнеше мың түлектер шықты. Солардың ішінен бірінші болып Ақтауға келген сапарымды естіп, іздеп келген шәкіртіме ризашылығым шексіз. Алғашқы кездесу күні уақыттың кеш болып кеткеніне қарамастан, «апай, үйге жүріңіз, қызыл балық бар, дастарханым дайын, келінім өзім сияқты қонақжай, тәрбиелі жердің қызы» - деп қонаққа шақырумен болды. Біз әрине, қонақжайлығына, ақкөңілділігіне, ашықтығына риза болып, алғысымызды жаудырып жаттық. Сол кезде институт бітіргенімізге 35 жылдық кездесуге келген группалас қыздарымның біреулерін әуежайға, екіншілерін темір жол вокзалына Данияр баласының машинасымен шығарып тастап, қыздардың ризашылығына бөленіп, алғысын алған еді. Сол кездесу бізді бір-бірімізбен табыстырып, кейін хабарласып тұруымызға үлкен себепші болды.



Екінші кездесуіміз келесі жылы осы Ақтау қаласындағы демалыс кезінде қауыштық. Алдын ала хабарласып, үйден дәм татып кетіңіз деген шын ниетінен аттап өте алмадық. Мазаланба десек те, мол дастарханын жайған Жанат бізді келіні Ләззат екеуі құшақ жая қарсы алды. Студенттік кезде де қашанда көшті бастап жүретін топ басшысы Жанат бұл кездесуге де бірнеше группалас қыздарын Атыраудан, Оралдан және сол Ақтау маңындағыларды жинаған екен. Жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін бір-бірімізді көрмегендіктен ерекше сағынышпен қауышып, өте жақсы пікір алмасып, ой бөлістік. Өзім балықтың отаны Атыраудан болсам

да, соңғы кездері қолға түсе бермейтін, бекіре балығынан дәмді етіп дайындалған Жанаттың тағамының дәмі әлі күнге дейін таңдайымыздан кетпейді. Осы кездесуімізде Шарай Батырбаева «Түбектен шыққан тұңғыш журналист қыз» атты енесіне арналған естелік кітапты ұсынған еді. Кітаптың мазмұнына үңіле келе және ардақты да дана апамыздың өткен өмір жолымен, артына қалдырған мұрағат қағаздарымен таныса отырып, өз пікірімді ұсынуды жөн санадым.

«Текіден текті туады, тектілік тұқым қуады» дегендей, Ерменбет бидің ұрпағынан тараған Шарай Батырбайқызының өмір жолы кім-кімге де үлгі екені



сөзсіз. Жолдың қашықтығына, қиындығына қарамастан 1955 жылы сонау Маңғыстаудан түйеге, ат арбаға мінгесіп Алматыға жетіп, қалайда өзінің қалаған мамандығына түсу арманына жете білді. Бұл әрине, өзіне тән білімге деген ерекше құштарлығын, қойған мақсатына жетпесе қоймайтын қайсарлықтың, шыдамдылық пен сабырлықтың, ақылдықтың белгісі екеніне көз жеткізе аламыз. Бұндай қасиеттер әсіресе батыстың, оның ішінде 362 әулиенің қасиетті мекені Маңғыстаудың ұл қыздарының рухына тән десек, асыра айтпағандық деп есептеймін.

Адамзат баласының ғұмыры қысқа болғанымен, артында өнегелі істер қалдырып, белгілі бір саланы мықты меңгеріп, өзі өмірден өтсе де, еңбегі мен қызметі, айналасына деген қамқорлығы мен жақсылығы, жылылығы естен кетпейтін адамдардың бар екендігі хақ. Сондай зиялы адамдардың қатарынан Маңғыстау түбегі қыздарының арасынан шыққан алғашқы журналист — Шарай Батырбайқызын көру біз үшін ерекше қуаныш. Ол кісінің өткен өмір жолын саралай келе, өз кәсібінің аса шебер маманы ғана емес, адал дос, жар, сүйікті де ардақты ана, ақылды келін және дана ене ретінде сан қырынан тани аламыз.

Мен Жанаттың ұстазы ретінде Шарай Батырбайқызының келінге деген жағымды көзқарасқа толы пейілін, ыстық ықыласқа бөленген қарым-қатынасын, тәрбиелік қамқорлығын арнайы атап өткім келеді. Жанат үнемі келін болып түскеннен бастап, Жанат-

жан атанғандығын, ерекше мейірімге бөленіп, ол кісінің аналық жылуын сезінгендігін айтудан жалықпайды. Сондықтан да өзін жұмыстастары да әзілдеп, «енесін мақтайтын келін» деп атайтындығы да тектен тек еместігін сезіндім. Бұл орайда, Шарай Батырбайқызының келінге құрмет көрсету арқылы болашақ ұрпақ тәрбиесіне де өзінің қомақты үлесін қосқандығын түсінеміз.

Сондай-ақ бүгінгі күні апамыздың қызы Ләззат Әбжетқызы — анасының жолын жалғастырып, «Ақпарат саласының үздігі», «Қазақ газеттері» медиахолдингі басшыларының бірі лауазымдық қызметін абыроймен атқарған білікті маман. Ал Шарай апамыздың күйеу баласы — Сағи Ноғайбаев — мұхит пен теңізді асып, самғап ұшып жүрген жоғары деңгейдегі ұшқыш. Осы жолдасының аспандағы биіктіктерді бағындырып, кәсіби біліктілігін алаңсыз шыңдауына жағдай жасап, отбасының берекесін асқақтата білген әрине Ләззат Әбжетқызы. Бұл орайда, «Жетістікке жеткен ер адамның артында ақылды әйел тұрады» деген нақыл сөздің шешімі табылғандай болады және оның түп қазығы — тектілік, анасынан дарыған даналық екендігіне куә боламыз.

Меніңше, келіні жақсының керегесі алтын» дегендей, Жанаттай келіннің түсуі де Шарай Батырбайқызы үшін бақыт деп есептеймін. Өйткені Жанат та текті жерден шыққан, зиялы әулетте тәрбиеленген бала. Әкесі — Құрмашев Алдаберген — білім саласының ардагері, Қазақ ССР-нің халық ағарту ісінің





озық қызметкері, «ҚР білім беру ісінің үздігі» төсбелгісінің және «Құрмет белгісі» орденінің, «Еңбек Ардагері», «Ерен еңбегі үшін» медальдарының иегері, еңбегі сіңген ардақты зейнеткер. Анасы – Туғанбаева Сәния Мағұрқызы – 7 баланы дүниеге әкеліп, медсестра-фельдшер қызметінен зейнеткерлікке шыққан «Ардақты ана». Жастайынан әкесінің мектеп директоры қызметімен байланысты күні-түні ағылып келіп жататын қонақтарды анасының қабақ шытпай қарсы алып, мол дастарханын жаятындығын көріп өссе, ал бауырына басқан әжесі – Тауасарова Ілгек Дәулетбайқызының ақыл-кеңесін құлағына құйып өсті. Жастайынан отбасындағы ұлттық тәлім-тәрбиенің құндылықтарын бойына сіңіріп өскен Жанат зерек те ақылды және әкесі мен әжесінің өздеріне тартқан сүйікті қызы болып өсті.

Текіден қыз алсаң, ошағың сөнбейді дегендей, оның қашан да тез арада жайылатын берекелі мол дастарханын, қонақжайлығын, ақкөңілділігін, жоғары адамгершілігін, үлкенге, ұстазға деген ерекше құрметін сөзбен жеткізу мүмкін емес. Бұл ең алдымен, әжесінің ақылымен, ананың ақ сүтімен дарыған қасиет, өнегелі отбасында алған тәрбие, тектіліктің нышаны деп түсінем.

Жанатпен жақын араласа келе, оның бойында марқұм енесінің көп қасиеттері дарығандығын және енесінің берген ақ батасы қабыл болып жатқандығын мойындаймыз. Бұл орайда, жол апатынан аман қалып, денсаулығы сыр берген қиын кезде де өзінің ерік-жіге-

рімен, қайсарлығымен өзін-өзі жеңе білгендігі әрине, ерлік деп атауға тұрарлық.

Қазіргі таңда жолдасы Айкен екеуінің құрған отбасы – өз жемісін беріп отырған үлгілі де аса құрметке ие отбасы. Соның ішінде өзі де үлкен баласы Нұрболының келіншегін, яғни келінін қызындай бауырына басып отырған дана ене. Кәсіби жұмысында бастауыш мұғалімі қызметін абыроймен атқарып және ата-аналардың, шәкірттерінің ыстық ықылас-тілектеріне бөленіп жүрген құзыретті педагог. Мен Жанатты «жанып тұрған Жанат» деп атап кеттім, оған басты себеп – бұл оның бойында жалындап от болып жанып тұрған жоғары адамгершіліктің жалыны.

Сонымен бірге өзімнің атым да Жаннат болғандықтан та болар, бір-бірімізді жалғап тұратын магниттік тартылыс тәрізді байланыс бар екендігін сезінемін. Әке-шешеміз бекерден бекер бізді Жанат, Жаннат деп атамаған болар, бір жерден жарық жұлдыздай жанып, жан-жағына күн шуағындай нұрын төгіп жүрсін деген ниетпен қойған болу керек деген пікірде болдым.

Мен «Ұстаздан шәкірт озса, бұл ұстаздың ең жоғарғы бағасы» деген ұстанымды толық қолдаймын. Бүгінгі жеткен жетістіктерің мың еселеніп, жылдан-жылға толыса берсін, берекелі де бақытты отбасы болып, бала-келіндеріңнің, туғандардың, шәкірттеріңнің қуанышына бөлене бер!

Шарай Батырбайқызының рухы қолдап, үлкен белестерді бағындыра беруіңе шын жүректен тілекшімін.



# Тарих пәнін оқытудағы тиімді әдіс-тәсілдер



**Жанна Бейсембековна АКИМБАЕВА,  
Әл-Фараби атындағы №145 мектеп-гимназияның  
тарих және құқық негіздері пәндерінің мұғалімі.  
Бостандық ауданы,  
Алматы қаласы.**

Бүгінгі күні ұлттық тарихты оқып-үйрену жалпыхалықтық бірлікті қалыптастырудың, халықтың тарихи жадын қалпына келтіріп, тереңдетудің, ұлттық сана-сезімді қалыптастырудың, азаматтық пен патриотизмде тәрбиелеудің басты факторларының бірі болып табылады.

Әбу-Насыр әл-Фараби: «Тарихты білмей өткенді, қазіргі жағдайды білу, келешекті болжау қиын», - десе, XX ғасырдың бас кезінде А. Байтұрсынов былай деп жалғастырады: «Сөздің ең ұлысы, ең сипаттысы — тарих».

Ендігі кезекте «оқушыға тарихты қалай түсіндіру керек?» деген мәселеге тоқталып өтейік. Жаңа технологиялар заманында түрлі тәсілдер қолдануға болады. Оны қазір әрбір мұғалім өз пәндерінде барынша қолданғанына қарамастан, әлі де ізденісті талап етіп отыр. Бір сарынды сабақ өту оқушыны жалықтырып жіберетіндіктен әр сабақты түрлендіріп өткізу қажет.

Тарихты оқытудың түрлі әдістеріне

тоқталатын болсақ, ол оқытудың әдістерін таңдау көптеген факторлармен, білім берудің маңызды мақсаттарымен, сабақтың мақсатымен оқушылардың мүмкіндігімен, пайдаланатын жүйенің ерекшеліктерімен анықталады. Оқыту әдістері оқыту үдерісінде маңызды қызметтер атқарады. Оқытудың негізгі мақсаты өз бетінше дами алатын оқушы қалыптастыру, өз бетінше танымдық әрекет етудің әдістерін меңгеруі керек. Оқушы өз қабілетіне сай білімін дамытып отырады.

Біз тарих сабағында танымдық сайыс сабақтарын өткізудің түрлі жолдарын ұсынамыз. Сайыс сабақтары кез келген оқушының қызығушылығын тудырады. Тіпті нашар оқитын оқушының өзі ойын арқылы берілген тапсырмаларды асқан қызығушылықпен, белсенділікпен орындайды. Сайыс сабақтарын қолдана отырып, мұғалім оқушының сабаққа деген қызығушылығын, зейінін арттыру мақсатында әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданады. Танымдық сайыс сабақтарын



қайталау, пысықтау, қорытындылау сабақтарында пайдалануға болады. Жарыс түрлері оқушының ой-өрісін дамытып, ойлау қабілетін арттырумен қатар, үйретілген, өтілген тақырыптарды саналы да берік меңгеруге үлкен әсер етеді. Сонымен қатар оқушының шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдірумен қатар, сөздік қорларын молайтып, сауатты жазуға да баулиды. Танымдық сайыс сабақтары оқу пәндерінің мазмұнымен тығыз байланыста жүргізілгенде ғана дұрыс нәтижелер береді.

Бүгінгі таңда тарих пәнін оқытудың түрлі әдістері қолданылып жүр. Тест түрінде білімін тексеру, баяндау, сұрақ-жауап, т.б. Әсіресе, елімізде бірыңғай ұлттық тестілеу қолданғаннан бері оқушыларымыз да, мұғалімдеріміз де тест жаттауға аса назар аударып кетті. Бұл оқушының ойын еркін айтуына, сөйлеу қабілетіне кері әсер етіп келе жатқандығын байқауымыз қажет. Сондықтан оқушының тарихи оқиғаларды оңай есте сақтауы үшін және тез жалықпауы мақсатында тарихты үйретуде түрлі әдіс-тәсілдерге жүгінуіміз керек. Алайда, тарихты оқыту әдісі жайлы ортақ ой-тұжырымдар жоқ. И.Я. Лернер тарихты оқытудың әдістерін жүйелеуге талпыныс жасады. Ол мұғалім мен оқушы мүдделерінің бір жерден шығуы оқыту әдісінің нәтижесін көрсетеді дегенге саяды. Сондықтан кез келген әдіс оқытушылық және оқу мүдделерін

анықтауы қажет.

Білім қалыптасуының бастапқы сатысында мәліметтерді меңгеру әдісіне *түсіндірушілік-көрнекілік әдісі* сәйкес келеді. Мұнда мұғалім көрнекіліктің әр түрлісін қолдана алады. Мысалға карталар, бейнебаяндар, суреттер, т.б.

Оқытудың екінші әдісі *репродуктивті әдіс*. Оның мағынасы берілген тапсырма бойынша есіне түсіру. Мұғалімнің айтқанын баяндап беру, тарихи тұлға жайлы әңгімелеу, сұрақтарға жауап беру, хронологиялық кестелер құру т.б.

*Зерттеу әдісі* — туындаған мәселе бойынша оқушының өз бетінше жұмыс істеуі. Оқушы дайын білімге жүгінбейді, ғылыми танымға тап болады. Яғни бұл баланың шығармашылық қабілетінің дамуына өз ықпалын тигізеді. Бұл әдіс оқушының қаншалықты білімді игергендігін, жетістіктерін көрсетеді.

*Эвристикалық әдіс* — тарихты оқытуда маңызды қызмет атқарады. Мұнда оқытушы мәселелерді карапайымнан күрделіге қарай шешу жолдарын ұсынады. Кішкентай мәселелер үлкен мәселелердің жолдарын ашуға көмектеседі.

Тарихты оқытудың тағы бір әдісі — *күрделі баяндау әдісі*. Яғни оқытушы күрделі мәселелердің шешу жолдарын көрсетеді. Бұл оның ғылыми білімінің жоғарлығын байқатады.

Міне жоғарыда көрсетілген түрлі әдістердің көмегімен тарихты оқыту-





ды дұрыс жолға қоюға болады.

Қазақстан тарихы пәні бойынша оқушының есте сақтау қабілетін арттыру мақсатында сабақта тиімді әдістер қолданудың орны ерекше. Кез келген пән бойынша бұрыннан қолданылып келе жатқан ойын сабақтары оқушыны сергітеді, белсенділігін арттырып, ойлау қабілетін дамытады. Сайыс сабақтарын түрлі жолдармен өткізуге болады. Біз өз тәжірибемізде кезең-кезең бойынша бір сайысты тек тарихи даталар бойынша, келесі бір сайысты тарихи тұлғалар бойынша өткізіп оқушының есте сақтау қабілетін арттыруға мүмкіндіктер береміз. Сабақта оқушының даралануына жол ашып, ойынды өздеріне ұйымдастыруды тапсырамыз. Ойын арқылы оқушы нені меңгереді:

1. Оқушылар ойынды құрастыру барысында жауаптылықты сезінеді;
2. Оқушыларға қиын мәселелерді өз бетінше шеше білуге үйретеді;
3. Оқу процесінде алған білімді қайталау арқылы нақты істе қолдана білуге мүмкіндік береді;
4. Уақытқа бағынуды, үнемдеуді үйретеді;
5. Топ болып бірігу арқылы бір-біріне үйренеді;
6. Ойын барысында шешім қабылдау оқушыларды салқынқандылықпен асықпай жауапкершіліпен жауап беруді талап етеді;
7. Ойын материалдары бір тақырып көлемінде болмағандықтан, дәстүрлі

оқу материалдарымен салыстырғанда күрделірек;

8. Кітапханада көп ізденуге үйретеді.

Тарих пәні мұғалімдері сабаққа дайындық кезінде жасанды интеллект құралдары туралы және оқытуда PBL форматын қолдану, сондай-ақ Copilot, Quiz Wizart және т.б. бағдарламалар арқылы жасанды интеллектті қолдануы қажет деп санаймын.

Бұл оқушылардың өзіндік жұмысының нәтижесін көрсетуге мүмкіндік береді. Қазақстан тарихы сабағын ойын сабағы арқылы өткізу оқушылардың есте сақтау қабілеттерін арттырады. Кез келген пән бойынша ойын элементтерін қолдану оқушының жас ерекшелігін тандамайды. Өйткені бүгінгі таңда адамдар тез жалығады, тез шаршайды. Сондықтан ойын элементтерін тіпті оқытушылармен өтетін семинарларда да жиі қолданып жатады. Бәсекелестікке толы мына заманда адамдар бір-бірімен жарысып, оза шапқанды ұнатады. Сол себепті бұл әдіс оқушының ойын сергітеді, белсенділігін арттырады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ю. Никулина. Методика преподавания истории в средней школе. – Калининград, 2000;
2. Шоган В.В. Методика преподавания истории в школе. Издательство: Феникс. 2007. – 471 с.



## Тәрбие жұмыстары - жас ұрпақтың үйлесімді дамуының негізі

Тәрбиелік шаралар қоғамдық өмір сүру салтына қарай және ұлттық ерекшеліктерге, әдеп нормалары мен этикаға сай әр жастағы балаларға жүргізілуі шарт.

Тәрбие жұмыстарының міндеттері:

- Балалардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- Топтық жоспарлау дағдыларын қалыптастыру;
- Балалардың белсенділігін ынталандыру;
- Қарым-қатынас құндылықтары туралы түсініктерін дамыту;
- Балалардың тұлғалық қасиеттерін дамыту.

Тәрбие процесін басқару, тәрбиеші болу — күрделі іс. Тәрбиеші — бұл топтың шын мәніндегі жетекшісі, ұйымдастырушы, білім беруші, үйлестіруші. Ол балалармен жұмыс жасай отырып, әр баланың адамгершілік тұрғысынан дамуын қамтамасыз етеді, оның шығармашылық қабілеттерін дамытуға, өзін-өзі тануына, өзін-өзі тәрбиелеуіне жағдай жасайды. Тәрбиеші өз қарамағындағы балалардың ерекшеліктерін ескеруі керек, оларға тәрбиелік шаралар барысында өзгелерден өзгеше ғажайып рең беруге тырысу керек (залдың көркем безендірілуі, қабырға газеті, ұжымдық шығармашылық жұмыстарды ұйымдас-

тыру, үйлесімді әуендер, т.б.).

Топ — тәрбиеленуші үшін оңтайлы эмоция орталығы болуға тиісті, ал, тәрбиеші — ең алдымен балалардың мейрімді, шығармашыл, ізгі ұжымның іскер тәрбиешісі болуы керек.

Тәрбие жүйесінің аса маңызды, айқындалған 5 компоненті бар. Олар:

1. Жеке дара-топтық;
2. Құндылық-бағдарлы;
3. Атқарымдық-әрекеттік;
4. Кеңістіктік-уақытты;
5. Диагностикалық-нәтижелілік.

1. Жеке-дара-топтық компоненті бұл ересектер мен балалардың қауымдастығы. Олар — бір топ көлемінде ортақ әрекет арқылы біріккен қауымдастық. Бұл қауымдастық бірнеше бөліктерден тұрады: тәрбиеші, тәрбиеленушілер, пән мұғалімдері және басқа да тәрбие үдерісіне қатысы бар адамдар.

Топтың тәрбие жүйесін құрудағы өте маңызды компонент — тәрбиешілер. Себебі, осы адамдар топтың тәрбие жүйесінің мазмұнын, қандай бағыттың қажетті екенін анықтап, оны жүзеге асырады. Жүйенің мағынасы мен маңызы, балалардың қажеттілігін жүзеге асыру және әрқайсысының тұлғалық дамуына ықпал ету арқылы ұжым ретінде қалыптасуын қамтама-



сыз ету маңызды. Соның ішінде тәрбиешінің **көзқарасы, құндылық бағдары, қызығушылығы, ұстанымы** тәрбие жүйесінің негізгі құраушы факторы болып табылады. Ал тәрбиеленушілер — бір жағынан, өз дамуының толық құқылы иесі, екінші жағынан, бірлескен әрекет, қарым-қатынастың еріксіз ықпалының нысаны.

2. Құндылық-бағдарлы компоненті. Ол келесі жиынтықтан тұрады:

- \* Тәрбие жүйесінің маңыздылығы;
- \* Мақсат, міндеттері;
- \* Топтың ұжым ретінде әрекетінің келешегінің болуы;
- \* Топтың тәрбие жүйесін құрудың және іске асырудың негізгі қағидасы.

Топтың тәрбие кеңістігінде жеке-дара да, топтық та құндылықтар бар. Бірі қарым-қатынастарды құруға, бірігіп әрекет етуге ықпал етсе, кейбір құндылықтардың тіпті қажеттілігі шамалы болады. Яғни, мәселе тәрбиелеудегі құндылықтардың басымдылығы мен олардың маңыздылығында. Бір топта басымдылық адамгершілік қасиеттерге берілсе, кейбіреуінде қарым-қатынасқа, үшіншісінде — бірігіп әрекет ете алуға берілуі. Сондықтан әр топ жетекші өз тобына басым және маңызды құндылықтарды анықтауы қажет. Яғни кез келген жолмен жеңіске жету ме, әлде жеңілсе де өз абыройын сақтап қала алу ма? Сіз үшін, сіздің тобыңыз үшін не маңызды, соны нақты анықтау керек.

3. Атқарымдық-әрекеттік компонент келесі бөліктерден тұрады:

- 1) Топтағы тәрбиеленушілердің біріккен әрекетін, қарым-қатынасын ұйымдастыру әдістері мен түрлері;
  - 2) Тәрбие жүйесінің атқаратын негізгі міндеттері;
  - 3) Сыныптың күнделікті тіршілігін, өз бетімен әрекет етуін педагогикалық жағынан қолдау, қамтамасыз ету.
- Бұл компоненттің негізін сынып оқушыларымен біріккен әрекет, шара құрайды.

4. Кеңістіктік-уақытты компоненті. Ол келесі бөліктерден тұрады:

1. Топ тәрбиеленушілерінің тіршілік-әрекетіндегі, күнделікті дамуындағы адамгершілік-рухани, сезімдік-психологиялық, заттық-материалдық ортасы, жағдайы;

2. Топтың басқа топтармен, қоғаммен байланысы, қарым-қатынасы. Біз күнделікті байқаймыз, кейбір топ оқушылары өздерінен ересек не жасы кіші балалармен қарым-қатынас жасайды. Ал кейбіреуі тіпті өзімен бірге тәрбиеленетін балалармен тіл табыса алмай жатады;

3. Топтың жалпы мектепішілік тәрбие кеңістігіндегі орны. Кейбір тапсырманы не шараны өткізуді тапсырғанда топтың деңгейіне, өз бетінше әрекет ету алу қабілетіне қараймыз. Бұл топтың жалпы орталықтағы тәрбиелік бет-пердесі;

4. Топтың тәрбие жүйесінің даму кезеңдері. Тәрбие жүйесі байланы-





сы мен қарым-қатынасы шектелген, жабық жүйе болмауы керек. Тәрбиеші өз тобының басқа да топ балаларымен байланысын қалыптастырып, оның нығаюына атсалысқаны дұрыс. Сондықтан кейбір шараларды басқа топтар арасында бірігіп өткізуді ұйымдастыру қажеттігі бар. Бірақ бұл жерде ескеретіні балалардың барлығын шарамен қамту. Қалғандары бос отырса, бір-біріне кедергі жасап, ешқандай жетістікке қол жеткізе алмайды.

5. Диагностикалық-нәтижелілік компоненті. Ол келесі бөліктерден тұрады:

**Тәрбие жүйесі нәтижелілігінің келесі көрсеткіш өлшемдерін алуға болады.**

- Балалардың тәрбие көрсеткіштері;

- Топтағы тәрбиеленушінің өз-өзін жайлы сезіну деңгейі;

- Топтың тіршілік-әрекетімен тәрбиешінің және балалардың қанағаттануы;

- Топтың ұжым ретінде қалыптасуы;

- Топтың абыройы мен беделі;

- Ұжымның жеке даралық қасиеттерінің көрініс табуы. Осы көрсеткіштерді анықтауға сәйкес әдіс-тәсілдер анықталып, қорытынды шығарылады. Сонымен, тәрбие жүйесінің негізгі құрамдас бөліктері мен оның ішкі мазмұны, мағынасы туралы таныстырылды. Жүйе мағынасы туралы түсінік баланы тәрбиелеу үлгісін құ-

руға көмектеседі.

**Жұмыс түрлері:**

1. Тәрбие шараларын өткізу;
2. Концерт түрлері;
3. Ауызша әңгімелер;
4. Ойындар;
5. Викториналар;
6. Тренингтер өту.

**Бүгінгі күнгі нәтиже:**

1. Барлық балалар тәрбиелік іс-шаралармен қамтылады;

2. Балалардың өзара қарым-қатынас ахуалы жақсы;

3. Балалар қоғамдық белсенділік танытып келеді.

Қорыта келгенде, О. Бальзактың «ұдайы еңбек ету – өнердің де, өмірдің де заңы» дегеніндей, балалардың шығармашылық қабілеті мен белсенділігін арттыруда тәрбиешіге үнемі ізденуді, тұрақты еңбек етуді міндеттейді.

Әрине, атқарылған істер аз емес. Дегенмен, әлі де болса бізді ойландыратын, толғандыратын істер жетерлік. Қазіргі қоғамға ой-өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты парасатты ұрпақ керек екенін бір сәтте естен шығармағанымыз жөн.

**Ләззат ЖЕКСЕМБАЕВА,**

**Айнур АЛПЫСБАЕВА,**

**«Облыстық арнаулы әлеуметтік қызметтерді қажет ететін балаларды қолдау орталығы» КММ тәрбиешілері.  
Алматы қаласы.**



# Ағылшын тілін үйрену – заман талабы




**Нурсулу Зейнегабыловна  
ИГИЛИКОВА,  
№177 мектеп-гимназияның  
ағылшын тілі пәні  
бірлестігінің жетекшісі.  
Жетісу ауданы,  
Алматы қаласы.**

Ағылшын тілін үйрену — бұл жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын, ойлау қабілетін жетілдіруге көмектесетін маңызды процесс. Бұл тілдің қолданылуы әр түрлі мәдениеттермен танысуға, жаңа сөздер мен тұжырымдарды меңгеруге мүмкіндік береді. «Global English everywhere» тақырыбында өткен ағылшын тілі пән мұғалімдерінің онкүндігі аясында өткізілген іс-шаралар мұғалімдер мен оқушылардың тіл үйренуге деген қызығушылығын арттырып, шығармашылық тәсілдерді қолдана отырып, ағылшын тілін тиімді үйренуге көмектесті.

Осы жылы өткен «Global English everywhere» атты ағылшын тілі онкүндігінде мектептің барлық мұғалімдері мен оқушылары үшін өте маңызды іс-шараларға толы болды. Ағылшын тілін үйрену заман талабы болғандықтан біздің мектебімізде жыл сайын өтетін ағылшын тілі апталығында мектептің басқа пән мұғалімдерімен үлкен үзілісте түсіндірме

сабақтарын жүргізу дәстүрге айналған. «Global English everywhere» тақырыбындағы ағылшын тілі мұғалімдерінің онкүндігінде басқа пән мұғалімдерімен «Let's learn English» (Кел ағылшын тілін үйренейік) тақырыбында әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып Игиликova Нурсулу Зейнегабыловна мен Сахитова Кенжегуль Слямжановна мұғалімдерге арналған түсіндірме сабақтарды ұйымдастырды. Мұғалімдерге арналған түсіндірме сабақтары ағылшын тілін үйренуге деген ынтаны арттыруды мақсат етіп, түрлі шығармашылық әдістер мен тапсырмаларды қолдана отырып, апталықтың алғашқы күндерінде мұғалімдер ағылшын тіліндегі амандасу түрлерін үйреніп, оны өзара диалог арқылы тәжірибеден өткізді. Тақпақтар мен тақырыпқа сай жаттығулар, сондай-ақ тілдік ойындар қатысушылардың ағылшын тілінде еркін сөйлесу дағдыларын дамытуға ықпал етті. Мұғалімдер өздерінің ағылшын тілін үйренудегі қызығушылықтарын және ынтасын көрсетіп, әр түрлі шығармашылық әдістермен сабақтарға белсенді қатысып, өз білімдерін жақсартуға тырысты.

Келесі күнгі сабақта ұйымдастырушы мұғалімдер «Сандар мен түстер» тақырыбында шашу әдісін қолданып, ұлттық құндылықтар мен ағылшын ті-





лін ұштастырып, түстер мен сандарды ағылшын тілінде дұрыс айтуға мұғалімдерді үйретті.

Түсіндірме сабақтарында қатысушылар ағылшын тілінде амандасуды, сандар мен түстердің айтылуын ғана

кеңейтті, нәтижесінде мұғалімдер тіл үйрену процесін жеңіл, әрі қызықты сезінді. Бұл апталық мұғалімдер арасында ынтымақтастықты, өзара қолдау мен білім алмасуды қалыптастырды.

Мұғалімдер өздерінің ағылшын тілін үйренудегі қызығушылықтарын және ынтасын көрсетіп, әр түрлі шығармашылық әдістермен сабақтарға белсенді қатысып, өз білімдерін жақсартуға тырысты.

Бұл апталықтың басты мақсаты мұғалімдердің ағылшын тіліне деген қызығушылығын арттырып, тілді үйренуге

деген ынта-жігерлерін ояту болды. Мұндай іс-шаралар мектепте ынтымақтастық атмосферасын қалыптастырып, мұғалімдер мен оқушыларға ағылшын тілін шы-



үйреніп қоймай, сонымен қатар ұлттық элементтерді шығармашылық түрде қолдана отырып, сабақты қызықты әрі тиімді етіп өткізді, мұғалімдер тәттілердің түстері мен сандарының ағылшынша айтылуын үйлестіріп, тақырыпты

фармашылық жолмен үйренуге мүмкіндік береді. Ағылшын тілі қазіргі ғылым







мен білімнің тілі болып табылады. Көптеген ғылыми зерттеулер, әдістемелік материалдар мен оқулықтар ағылшын тілінде жазылады. Ағылшын тілін меңгерген мұғалімдер осы материалдарды түсініп, өз сабақтарында қолдана алады. Ағылшын тілі халықаралық қатынас тілі болып табылады. Мұғалімдер

әлемнің басқа елдеріндегі әріптестерімен тәжірибе алмасып, конференциялар мен семинарларға қатысу мүмкіндігіне ие болады. Қорыта айтқанда, ағылшын тілін білу мектеп мұғалімдері үшін тек кәсіби даму үшін ғана емес, жалпы білім беру жүйесін жетілдіруге де зор ықпалын тигізеді.



## Интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы оқушының білімге қызығушылығын арттыру



**Аяулы Ақтілекқызы КАБДУЛЛИНА,  
«І. Жансүгіров атындағы орта мектеп-мектепке дейінгі шағын орталығымен және Базаркелді бастауыш мектебімен» КММ  
ағылшын тілі пәні мұғалімі.**

**Космос ауылы,  
Еңбекшіқазақ ауданы,  
Алматы облысы.**

Нарықтық қатынастар негізінде қалыптасып келе жатқан Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесіндегі негізгі приоритеттердің бірі оқушылардың мүдделерін қолдау болып табылады. Осыған орай әрбір мұғалімнің ең негізгі міндеті әр оқушының білім алуға деген қызығушылығын арттырып әрбір оқушының шығармашылық шабытының тууына жағдай жасау. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес.

Бүгінгі таңда жеке тұлғаны емес,

оның даму үрдісін басқару қажеттігі айқындалып отыр. Оқушының түрлі ақпараттың толассыз ағынында бағытталуы қиынға түсіп отыр, ол үшін оның талдау, құрылымдау, жүйелеу, мәселені шешу дағдылары жетік дамытылуы тиіс. Ал бұл, педагог жұмысындағы тікелей жасалатын әдістерден, бас тартылып, артық дидактизмнен, ғибратты сарыннан тежелуді; оның есесіне бірінші орынға қарым-қатынас жасаудың сұхбаттық әдістерін, шындықты бірлесіп іздеуді, сан алуан шығармашылық әрекетті тәрбиелеуші шарттарды жасау арқылы дамытуды білдіреді.





Инновациялық көзқарас бойынша оқып-үйренудің негізін тек пәндер емес, ойлау мен рефлексияға негізделген интербелсенді әдістер құрауы керек. Интербелсенді әдістер оқушылардың өздік және өзіндік дамуына, олардың өз мүмкіншіліктері мен ұстанған құндылықтарын түсінуге және бағалауға жетелейді.

Интербелсенді әдістерде басты назарды «процеске», яғни үйрену процесінің өзіне, оқушының «қалай» және «қандай әдіс-тәсілдер арқылы үйренетіндігіне» аударады. Яғни, интербелсенді сөзі — өзара әрекет ету бейімділігін білдіреді немесе әңгімелесу, әлде кіммен (адаммен) не болмаса әлде немен (мысалы, компьютермен) сұхбаттасу режимінде болады. Осы жерде оқушының жауабынан гөрі мәселенің шешімін табуға талпынғаны маңызды.

Себебі, интербелсенді оқытудың басты мақсаты — оқушыларды өз бетінше ой қорытып, жауап табуға үйрету.

Интербелсенді әдіс-тәсілдерді қолдану нәтижесінде оқу үрдісінің барысында оқушылар мыналармен қарым-қатынасқа түседі:

1. Мұғаліммен (оқушылар мұғалімнің сұрағына жауап берген кезде);
2. Оқушылармен (жұптасып жұмыс істеу барысында);
4. Шағын топтармен (3-4 оқушымен);
5. Оқушылардың үлкен тобымен (көбіне пікірталас/дебат сынып болып әлдебір мәселені талқылау барысында);
6. Техника түрлерімен (мысалға, компьютермен, интербелсенді тақтада жұмыс істеуде).

Интербелсенді әдістің тағы бір ерекшелігі оқушылардың белсенділігі мұғалімнің белсенділігімен сәйкестігінде сонымен қатар оқушы мен мұғалімнің тұрақты өзара іс-әрекетінде. Интербелсенді әдістерді қолдануда оқушыларды сапалы дайындықпен қамтамасыз ету оқу процесінің нәтижелігіне тікелей байланысты. Басты тапсырма оқушыларға берілген білімнің бағасында емес ол тапсырманы орындаудағы іс-әрекетінде.

Оқытудың интербелсенді әдістерін 4 топқа бөлуге болады:

- топтық оқыту;
- фронтальдық оқыту;
- ойын барысында оқыту;
- пікірталас барысында оқыту.

Топтық оқу әрекеті — оқытуды шағын топтарда ұйымдастыру формасы. Мұндай оқыту оқушылар үшін өз құрбыларымен ынтымақтастық жасауға, әр адамның қарым-қатынасқа табиғи ұмтылысын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Топтық оқытуға мысалы жұппен жұмыс, шағын топтағы жұмыс, аквариум жатады.

Фронтальдық интербелсенді әдістерге бүкіл сыныптың бір мезгілдегі бірлескен жұмысын қамтитын әдістерді жатқызуға болады: Мысалы: «Микрофон», «Аяқталмаған сөйлемдер», «Миға шабуыл», «Оқи отырып, үйренемін».

Ойын барысында оқыту әдістеріне рөлдік ойындар, драматизациялау жатады.

Пікірталасқа оқыту әдісі оқыту үдерісінде оқушылардың танымдық әрекетінің маңызды тәсілі, өйткені пі-



кірталас — даулы мәселені көпшілік алдында кеңінен талқылау. Бұндай әдістерге «Ток-шоу», «Пресс» әдісі, «Бағытынды таңда» әдістері жатады.

Интербелсенді әдіске сондай-ақ әр түрлі көмекші құралдарды яғни ақпараттық қорларды пайдалану: интербелсенді тақта, бейне материалдар, слайдтар, флипчарттар, компьютерлер бейне фильмдер мен бейне сюжеттерді қарап шығып талқылау, әр түрлі науқандар мен акцияларды пайдаланса оқушының білімге деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі.

Оқудың интербелсенді әдістерінің артықшылығы:

- + оқушылардың қызығушылығын туғызады;

- + әрқайсысының оқу үрдісіне қатысу белсенділігін кеңейтеді;

- + әрбір оқушының сезіміне назар аударады;

- + оқу материалдарын тиімді меңгеруге бейімдейді;

- + оқушыларға көпжоспарлы әрекет етуге әсер етеді;

- + кері байланысты (аудиторияның жауап беру реакциясын) жүзеге асырады;

- + оқушылардың пікірлері мен қарым-қатынастарын қалыптастырады;

- + өмірлік машықтарды қалыптастырады;

- + мінез-құлықтың өзгеруіне көмектеседі.

Интербелсенді оқытудың әдістері мен тәсілдері қолданылған сабақ жеті кезеңнен тұрады:

**1. Мотивация.** Бұл кезеңді ұйымдастыру барысында бір сабақтан екінші

сабаққа өткен кезде мотивация тәсілдерін өзгерту қажет;

**2. Мақсат қою.** Оқушыларға мақсаттарды хабарлау әрекетті мақсатты бағытталған етуге мүмкіндік береді. Мұғалім оқушыларға сабақтың мақсатын қоюды үйретеді;

**3. Жаңа ақпарат беру.** Бұл кезең оқушылар нені білетінін, ненің таныс емес және түсініксіз екенін таңдап алуға мүмкіндік береді. Бұл кезеңді миға шабуылдан бастау ұсынылады: «Бұл сөз Сізде қандай ассоциация тудырады?», «Бұл сөзбен қандай ұғымдар байланысты?». Интербелсенді жаттығулар. Интербелсенді жаттығулар ретінде шағын топтардағы жұмыс ұсынылады. Әрбір топ қысқа және неғұрлым ақпаратты түрде сөйлеуі тиіс;

**4. Жаңа өнім.** Оқушылар игерген ақпараттың көлемін есепке ала отырып, олардың өз қорытындылығын жасауына және көзқарасын білдіруіне мүмкіндік жасалады;

**5. Рефлексия** кезеңінде оқушылар жасаған әрекеттің қорытындыларын шығару көзделеді. Бұл кезең оқушыларға жаңа игерілген білімдерді бөліп көрсетуге және қандай жағдайда қолдануға болатынын анықтауға мүмкіндік береді. Рефлексия кезінде төмендегі сұрақтарды қоюға болады:

- Не қатты ұнады?

- Нені үйрендіңдер?

